

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АРАЛ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№77 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №77»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО АРАЛЬСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

« 01 » қыркүйек 2023жыл

ПРИКАЗ

№ 59/1

2023-2024 оқу жылында оқушылармен,
ата-аналармен тәрбие жұмысын жүргізу
арқылы оқу-тәрбие жұмысына тарту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 1) Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне байланысты пікірсайыстар, сұхбаттар, жиналыстарды қамти отырып жоспарлау және ұйымдастыруда мектеп ұжымы мен әкімшілігін, штаттық қызметкерлерін тарта отырып жүргізу сынып жетекшілер мен тәрбие орынбасарынан сұралсын.
- 2) Қыркүйек айындағы ата-аналар жиналысында мектептің жалпы ата-аналар комитетін сайлап бекіту және ары қарай жыл бойына осы жұмысты ұйымдастыру, бұйрықтың орындалуына басшылық жасау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Ж. Казтоганова



Ж.Казтоганова

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс

№	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты	Мақсатты индикатор
1	1. Ата-аналар комитетін сайлау; 2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту; 3. Ағымдағы мәселелер.	Дөңгелек үстел	Қыркүйек	ДІТЖО Сынып жетекшісі	Ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты жағдаяттар өз жауапкершілігін арттыру.
2	1. I оқу тоқсанының қорытындысы 2. Оқушылардың күзгі каникул күндеріндегі өмір қауіпсіздігі 3. Ағымдағы мәселелер	Есеп беру Жадынама Қолхат алу	Қараша	ДІТЖО Сынып Жетекшілер әлеумет	
3	1. II оқу тоқсанының қорытындысы; 2. «Бала тәрбиесіндегі қиындықтарды шешу жолдары» 3. Ағымдағы мәселелер	Есеп беру Баяндама Қолхат алу	Қантар	ДІТЖО Психолог Сынып жетекшілер	
4	«Ата-ананың кәдірі»	Тренинг	Ақпан	Сынып жетекшісі, психологтар	Ата-аналардың белсенділігін арттыру
5	1. III оқу тоқсанының қорытындысы 2. «Жаңартылған білім беру жүйесі – нәтижелі тұлға қалыптастыру негізі» 3. Ағымдағы мәселелер	Дөңгелек үстел Қолхат алу	Наурыз	Сынып жетекшілер ДІТЖО Психолог Әлеумет	

6	1.Оқу жылының қорытындысымен таныстыру 2.Емтихандар кестесімен таныстыру 3.Жаз мезгіліндегі балалар демалысын тиімді ұйымдастыру және олардың өмір қауіпсіздігі	Есеп беру Жадынама Қолхағ алу	Мамыр	Сынып жетекші, мектеп әкімшілігі	Іс-шараларды ұйымдастыруда өздерінің пікірлесіп іске асыруларына мүмкіндіктерін арттыру.
---	--	--	-------	----------------------------------	--



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры: *Ж.Казтоганова*

« » 2023-2024ж

**№ 77 орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

№	Атқарылатын жұмыстардың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I Жиналыс	Жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібі: 1. Ата-аналар комитетін сайлау. Қайта сайлау. <i>А.Даулетова</i> 2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасының мазмұнын таныстыру. «Даналық» клубы туралы ақпарат беру, мүшелерін сайлау. 3. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың рөлі. 4. Әкелер, аналар кеңесін құру. 5. «Кәмелетке толмағандармен мен және оларға қарсы жасалған қылмыстардың, зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін сақтау және топтық төбелестің алдын алу» Ағымдағы мәселелер	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Тәрбие орынбасары
II Жиналыс	Жалпы ата-аналар жиналысының тақырыбы: "Отбасы және бала тәрбиесі", «Балалар үшін бірігейік!» Күн тәртібі: 1. I оқу тоқсаны бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды мониторингі <i>Б.Әлжанов, К.Смайлова</i> 2. Мектеп формасының сақталу заңдылықтары <i>А.Даулетова</i> 3. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, нашакорлық, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, ойынқұмарлықтың алдын алу шаралары бойынша түсіндірме беру. <i>А.Даулетова</i> 4. Оқушылардың мектептегі ыстық тамақпен қамтылуы. <i>Г.Назарова</i> 5. Жұқпалы аурулардың алдын алу. <i>Ж.Төлеутаева</i>	Қараша	

III жиналыс	Жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібі: «Ұлттық құндылықтарымызды қалыптастырудағы ата-ана рөлі» 1. Жаңа жылдық мерекелік кеш кезінде балалардың пиротехникалық жарылғыш, жанғыш заттардың қолдануының алдын алу; 2. Мереке және каникул күндері оқушылардың беймезгіл қоғалысының алдын алу; 3. Қысқы каникул кезіндегі оқушылардың жол-көлік, су, мұз, өрт оқушылар қауіпсіздігінің алдын алу; 4. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс, нашақорлықтың алдын алу және интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету;	Қаңтар	Ата-аналар комитетінің төрайымы Мектеп психологі ДТІЖО Әлеуметтік педагог Оқу ісі жөніндегі орынбасары
IV жиналыс	Жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібі: 1. Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі. 2. 2023-2024 оқу жылындағы Мемлекеттік емтиханға дайындығы туралы. 3. III тоқсан қорытындысы, оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы	Сәуір	Ата-аналар төрайымы Мектеп директоры ДТІЖО Оқу ісі жөніндегі орынбасары
VI жиналыс	Жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібі: 1. Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау. 2. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 3. IV тоқсан оқу қорытындылары 5. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие сапасының көрсеткіші	Мамыр	Ата-аналар төрайымы ДТІЖО Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Даулетова

№ 77 орта мектебіндегі 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитетінің құрамы

Р/с	Ата-аналар комитетінің құрамы	Атқаратын қызметі	Мекен- жайы
1	Зералақ Көлдеева	ата-аналар ком. төрайымы	Құланды е/м
2	Ескермесова Мәншүк	мүшесі	Құланды е/м
3	Елдесова Сұлушаш	мүшесі	Құланды е/м
4	Қазыбаева Мәдина	мүшесі	Құланды е/м
5	Құсанова Элмира	мүшесі	Құланды е/м
6	Ізасарова Нурила	мүшесі	Құланды е/м
7	Абуева Амангүл	мүшесі	Құланды е/м

Орындаған: А.Даулетова

№77 орта мектебі
Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1

«12» қыркүйек 2023 жыл

Жиналыс төрағасы: Ж.Казтоганова – мектеп директоры

Хатшысы: Г.Құлтасова

Қатысқандар: 32

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналар комитетін сайлау. Қайта сайлау. А.Даулетова
2. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері туралы таныстыру. *Г.Назарова*
3. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың рөлі. А.Сермағанбетова
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасының мазмұнын таныстыру. «Даналық» клубы туралы ақпарат беру, мүшелерін сайлау.
А.Даулетова
5. Әкелер, аналар кеңесін құру.
6. Ағымдағы мәселелер:
Халық қосымшасы арқылы күнделік кз бонустары жайлы ақпарат беру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Казтоганова биылғы оқу жылына ата-аналарға сәттілік тілей отырып, 2023-2024 оқу жылында мектепшілік ата-аналар комитетінің байырғы төрағасы Т.Абуталиев комитет төрайымы міндетінен өз өтініші бойынша бас тартқандығын айтып, биылғы оқу жылында ата-аналар комитетінің төрағасын қайта сайлау керектігін ескертті. Ескертілген мәселесі бойынша ата-аналар арасында дауысқа салынды. Ата-аналар бір ауыздан ауылдың белсенді ата-анасы, З.Көлдееваны колдап, мектепшілік ата-аналар төрайымы болуына ұсыныс жасады. З.Көлдеева ата-аналардың ұсынысын ескеріп өз келісімін білдірді. 2023-2024 оқу жылында мектепшілік ата-аналар комитетінің төрағалық қызметіне З.Көлдеева ата-аналардың қолдауы бойынша сайлады.

Екінші мәселе бойынша «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысының 18-тармағын, 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарға «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 21.12.2022 жылғы № 506 бұйрығына енгізілген өзгерістер бойынша ауыл көлемінде Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау мақсатында баланы жәбірлеу(буллинг) фактілері тіркелген жағдайда қарау және іске асыру шеңберінде Профилактикалық кеңесі құрылғандығын айтып өтті. Профилактикалық кеңес қызметінің мақсат міндеттерімен таныстырып өтті.

Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі, жасөспірімдердің көлік жүргізу, мезгілсіз көшеге шығу, интернет қауіпсіздігі, құмар ойындары, зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері басты назарда екенін айтып, ата-аналарды мектеппен тығыз байланыса отырып, бала тәрбиесіне қатысты жұмыстарды бірге атқаруға шақырды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетова ата-аналар назар аударатын ұлттық құндылықтардың маңызы туралы айтып өтті. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында құрылуға тиісті "Ата-аналарды Педагогикалық Қолдау Орталығы"

бағдарламасының, "Даналық" клубтарының мазмұнымен таныстырып, "Ата", "Әже", "Аға", "Жеңге" мектептерінің максат міндеттерін түсіндірді.

Сонымен қатар мектепте «Әке», «Ана» кеңестерінің биылғы жоспарының максат міндеттерін, алға қойған шараларын таныстырды.

Ағымдағы мәселе бойынша мектеп директоры жақсы оқыған оқушыларға әрбір пән бойынша 10 балл алған жағдайда күнделік кз бонустарын Халықбанк қосымшасы арқылы ата-ана өз баласына аталымыш банктен счет аштырған жағдайда, баланың счётына түсіп отыратынын ескертті.

Жиналыс соңында қаулы қабылданды.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылында жалпы ата-аналар жиналысындағы ата-аналардың ұсынысы назарға алынып, комитеттің төрайымы болып З.Көлдеева сайлансын.
2. Мектеп директоры Ж.Казтуганова «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» хабарламасы қаперге алынсын.
3. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың ролі». Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы жөніндегі А.Сермағанбетованың баяндамасы қаперге алынсын.
4. Бала қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстарын қатаң назарға алып, жүйелі жүргізу тәрбие орынбасары А.Даулетоваға, мектеп психологы А.Сермағанбетоваға, әлеуметтік педагог Г.Назароваға міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы: *Ж.Казтуганова* Ж.Казтуганова

Хатшы: *А.Даулетова* А.Даулетова

Хаттама №2

2023 жылдың қазан айының 19-ы күні №77 орта мектепте ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқандар: Мектеп директоры: Ж.Казтоганова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетова

Педагог – психолог А.Сермағанбетова

5-9- сынып ата-аналар, сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарына зорлық-зомбылық пен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Балалар үшін бірігейік» ата-аналарды ақпараттандыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп психологы А.Сермағанбетова хабарлама жасады. 5-9- сынып оқушыларының ата-аналарына зорлық-зомбылық пен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында ата-аналарға ақпараттандыру айтып, бүгінгі жиналыстың өзектілігіне тоқталып өтті. «Жасөспірімдердің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша ата-аналарға жүйелікпен түсіндіріп өтті. Қазіргі уақытта еліміздегі белең алып отырған аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың арасында көбеюіне байланысты презентацияны пайдалана отырып, толық мағлұмат берді. Отбасындағы суицидалды мінез – құлық жағдайлары- өзін – өзіне қол жұмсау әлеуметтік жағдайлармен(яғни тұрмысы төмен және әділетсіз ата-ана отбасылық зомбылық,балаларға күш көрсету және балалардың қараусыздығы байланысты болуы мүмкін .Қазіргі таңда кейбір отбасыларда ата-аналар арасында балаларына зорлық –зомбылық көрсету мен бірге дау - жанжалдың жиі болуы, өз балаларына жағымсыз ,құрметсіз кейде тіпті шарасыздық пен түңілу сезімдерінің пайда болуына әкеп соқтырады.Осы жағдайлардың алдын-алу мақсатында оқушылардың демалыс уақыттарына тиімді ұйымдастыру, теріс әрекеттерге бармау жағдайларына бақылау жасау мұқият болу керек екендігі жайлы ақпараттық кеңестер айтылды.

Қаулы етілді:

«Жасөспірімдердің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» іс-шаралары уақытында жүргізілсін

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

А.Даулетова

А.Сермағанбетова

№ 77 орта мектебінде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша наурыз айында ата-анамен өткізілген іс-шара есебі.

3	№77 орта мектеп КММ	28.03.2024	-	«Баға құнды емес, бала құнды»	Жиналыс барысында ата – аналар мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың нығайту бағдарламасын іс жүзінде жүзеге асыру үшін, бала қауіпсіздігі үшін бірінші орындағы мәселе екендігіне тоқталды.		https://www.facebook.com/100024459143665/posts/pfbid02kQqDdw3CnUvmNgub3NEbsFiNfmFsw7YYHPqKiN7bjNo4YIVFPZbx27F5HuyG5Tj9l/?app=fbl	#aralbilim #Қызылордабілім #77 орта мектеп #қосымша білім беру #бір тұтастас әрбие
---	---------------------	------------	---	-------------------------------	--	---	---	--

Орындаған: А.Даулетова